



БЕДЕРІ БИІК КҮНДЕР

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ДОДАЛАР ЖЫЛЫ

6-БЕТ | СПОРТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ ИДЕОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ, ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ІСІН, ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАЙЫН ТАЛҚЫЛАЙТЫН ТИІМДІ ПІКІРТАЛАС ОРНЫНА АЙНАЛДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ЖАЗДЫҒҮНІ ШАҚЫРЫЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ОТЫРЫСЫН БИЫЛ СӘЛ ЕРТЕРЕК, КӨКТЕМДЕ ӨТКІЗЕТІН ШЫҒАРМЫЗ. ОСЫЛАЙША, БИЫЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛАЛАРДА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ БІРІНШІ ТОҚСАНДА-АҚ АЙҚЫНДАЛАДЫ.

№2 (4590) Сенбі 6 қаңтар 2024 жыл



ASTANA

ELORDA AQPAPAT MEDIA HOLDING

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖИНАҚТАУ ШОТТАРЫ АШЫЛАДЫ

«Ұлттық қор – балаларға» жобасы бойынша әр балаға түсетін қаражат мөлшері 1 ақпанға дейін белгілі болады.

Ал 1 ақпаннан бастап қаражат алушыларға жинақтау шоттары ашылады. Қаржы теңдей бөлінеді. Балалардың тізімі, есепшоты, жалпы жүйе толықтай автоматтандырылған. Баланың 18 жасқа толғанға дейінгі жинақталған қаражаты Ұлттық қорда АҚШ долларымен сақталады.



ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Жыл сайын елордада әлеуметтік әл-ауқаты төмен санаттағы 186 мыңға жуық адам біржолғы әлеуметтік төлемдермен және тегін қызметтермен қамтылады.

Ал 2024 жылдан бастап қалада жекелеген азаматтарға жаңа әлеуметтік көмек енгізілді. Бұл туралы Астана әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.

Жыл сайын қазанның екінші жексенбісінде атап өтетін Мүгедектер күніне орай әлеуметтік көмек биыл қолданысқа енгізілді. 1-топтағы мүгедектігі бар адамдарға 20 АЕК немесе 73 840 теңге, 2-топтағы мүгедектігі бар адамдарға және барлық топтағы он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 10 АЕК немесе 36 920 теңге, 3-топқа 5 АЕК немесе 18 640 теңге төленеді.

БЕРДІБЕКТІ ОҚИМЫЗ

«Бір ел – бір кітап-2024» республикалық акциясы аясында оқуға бірнеше танымал қаламгер ұсынылды. Олардың арасында Бейімбет Майлин, Қабдеш Жұмаділов, Тәкен Әлімқұлов, Бердібек Соқпақбаев сынды классик жазушылар бар.

Тиісті комиссия мүшелері ұсынған авторлардың ішінен жазушы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Бердібек Соқпақбаевты оқуды бірауыздан қолдады. Сонымен, «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында 2024 жыл бойына ел болып қазақ прозасына ғажайып сипат әкелген көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқу сынысы қабылданды.



ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗАЛАУДА

БИЫЛҒЫ ҚЫС МАУСЫМЫ БАСТАЛҒАЛЫ АСТАНА АУМАҒЫНАН

920 000


ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

Бас қалаға биыл қар әдеттегіден көп жауды. Айналаны ақ түтекке орап, бірде борандатып, бірде аяз қысты. Біресе күн жылынып, толассыз жауған қар әп-сәтте еріп, көліктердің ғана емес, жаяу жүргіншілердің де жүрісін тежеді. Табиғаттың тартуына таңғалмайтын болдық. Ауа райының осындай қолайсыздықтарына қарамастан, елордамыздағы коммуналдық қызмет күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Биылғы қыс маусымы басталғалы Астана аумағынан 920 мың текше метрден астам қар шығарылды. Қар полигонына жөнелтілген рейс саны 70 мыңға жуықтады. Жұмыс жалғасуда. Түнгі уақытта 1400-ден астам арнайы техника мен 260-тан аса жұмысшылар көшелерді қардан тазартумен айналысып жатыр.




Елімізде тұрғын үй үшін есепке тұру ережесі жаңартылды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті тұрғын үй құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар тегін көрсетеді. Егер отбасында созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адам болса, пәтерде бірге тұру мүмкін болмаса, қызмет алушы аурудың тиісті түрін растайтын құжаттарды өткізуі тиіс. Бұйрық қаңтардың 15-і күшіне енеді.



Алдағы күндері еліміздегі ауа райына атлантикалық циклон мен атмосфералық фронттар әсер етеді.

Осылайша, Қазақстанның басым бөлігінде қар мен қар аралас жаңбыр жауады. 6 қаңтарда солтүстік-батыста қар көп жауады, ал оңтүстікте қар аралас жаңбыр жауады деген болжам бар. 7-8 қаңтарда солтүстік-батысқа, солтүстікке және орталыққа қалың қар түседі. Батыста, солтүстікте және шығыста ауа температурасы күрт төмендейді. Түнде ауа температурасы минус 8-25 градусқа дейін, ал солтүстікте минус 5-30 градусқа дейін, шығыста минус 5-18 градусқа дейін төмендеп, аяз болуы мүмкін.



ЖҰМЫСЫНА ОҢ БАҒА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Мемлекет басшысына Мәжілістің заң шығару қызметі туралы баяндалды.

Ерлан Қошановтың айтуынша, сессия басталғалы бері 35 заң қабылданып, Сенатқа жолданған. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының жүзеге асырылуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану, бизнес жүргізу, тәлімгерлік пен балалардың қауіпсіздігі, денсаулыққа зиян келтіретін жұмыс орындарында еңбек ететін азаматтарды арнайы төлемақымен қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін құжаттар қабылданған. Қазіргі уақытта депутаттардың қарауында 69 заң жобасы жатыр. Оның үштен бір бөлігіне Мәжіліс депутаттары өздері бастамашы болған. Президенттің тапсырмасымен Бюджет кодексі, халықтың тым көп несие алуын төмендету, тұрғын үй саясаты, мемлекеттік сатып алу, ғылым және технологиялық саясат,

тұтынушылардың құқықтарын қорғау, жылу энергетикасы, масс-медиа, адам саудасына қарсы іс-қимыл және басқа да заң жобалары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өте маңызды заң жобалары Қоғамдық палатаның отырыстарында талқыланады. Мемлекет басшысына Мәжіліс депутаттары халықтың қаржылық сауатын арттыру үшін парламенттік тындау, медициналық сақтандыру жүйесін дамыту, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және сауда саясатын жетілдіру мақсатында үкімет сағаттары өткізігені жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Мәжіліс спикері партиялық фракциялар мен бір мандатты депутаттар белсенділігінің артуы Парламенттегі пікірталас деңгейін көтергенін атап өтті. Депутаттар

жылдың алғашқы күнінен бастап сайлаушылармен кездесу және халықтың тұрмысын жақсарту жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізу үшін өңірлерге аттанды. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Палата депутаттарының парламенттік дипломатия аясындағы қызметі де таныстырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Мәжілістің 2023 жылы атқарған жұмыстарына оң баға берді. Президенттің айтуынша, орындалған заңдар халықтың тұрмыс сапасын арттыруға тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық жаңғыру бағдарына қатысты негізгі іс-шараларды жүзеге асыруды көздейтін заңдарды қабылдау қажет екеніне назар аударды.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисиге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Иранның Керман қаласында болған лаңкестік әрекет салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Ибрахим Раисиге көңіл айтты. «Керман қаласында болған лаңкестік әрекет салдарынан жүздеген адамның қаза тапқаны және жарақат алғаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алдым. Осындай ауыр сәтте қайғы-қасіреттеріңізге ортақтасып, барша қазақстандықтардың

және жеке өз атымын Сізге, жақындарыңа айырылған азаматтарға, сондай-ақ бүкіл Иран халқына көңіл айтамын» деп жазылған жеделхатта. Мемлекет басшысы бақилық болғандардың жандары жәннатта болуына, ал зардап шеккендердің тезірек сауығып, отбасыларына аман-есен оралуына тілектестік білдірді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияның батысындағы Ното түбегінде болған жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Премьер-ми-

нистр Фумио Кишидаға көңіл айтты. «Еліңізде орын алған жойқын жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны және зардап шеккені туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алдым. Осындай ауыр сәтте Сізге және жақындарыңа айырылған отбасыларға Қазақстан халқының және өзіміздің атымын қайғыра көңіл айтамын. Табиғи апаттан жарақат алғандардың тез арада сауығып, із-түссіз жоғалған азаматтардың отбасыларына аман-есен оралуына тілектестік білдіремін» деп жазылған жеделхатта.



Ерлан ҚАРИН,
Мемлекеттік кеңесші:

КҮН ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАДЫ

– Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбатының форматы әңгімелесу сипатында болғанымен, көлемі мен мазмұны тұрғысынан алғанда бағдарламалық мақала деуге әбден болады. Өйткені сұхбат қойылған сұрақ пен берілген жауаптың көптігімен ғана емес, қоғамда қызу талқыланып жатқан көкейтесті мәселелерді тұтастай қамтығанымен ерек-

шеленіп тұр. Солайша, Президент мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша күн тәртібін айқындап, бағдарын нақтылап берді.

Біз үшін Президенттің ішкі саясат және идеология саласына қатысты айтқан ой-пікірі мен белгілеген басымдықтары аса маңызды. Мемлекет басшысы бірқатар бастама мен жобаны жай-жапсарын жеткізіп, аңдатпа жасады.

– Ұлттық құрылтайдың экзекті отырысы өтеді;

– Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатаңдату қолға алынады;

– 2024 жылы өтетін айтулы іс-шаралар мен басқа да атаулы күндердің бет-бейнесін белгіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тақырыпқа шығарылған «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!» деген сөзі – барлық идеяның өзегі. Жалпы алғанда, бұл сөз – Президент жүргізіп отырған идеологиялық бағыттың шағын формуласы. Бұл сөз қоғамды жасампаздыққа жетелейді: өткен күнмен өмір сүрмей, болашаққа нық қадам басуға үндеп, халықты бөлетін емес, біріктіретін жалпыұлттық құндылықтарды басшылыққа алуға шақырады.



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРДЫ БАЯНДАДЫ

– «Egemen Qazaqstan» газетіне Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кең көлемді сұхбаты жарияланды. Мемлекет басшысы сұхбатта бірқатар өзекті сұраққа егжей-тегжейлі жауап беріп, ел дамуының алдағы жылдардағы стратегиялық бағдарын баяндаған.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, соңғы жылдарда Қазақстанда аса маңызды саяси реформалар жүргізілді. Соның нәтижесінде билік тармақтары арасында тежемілік пен тепе-теңдіктің тиімді жүйесі құрылды. Саяси институттар нығайтылып, Парламентте кең өкілдік қамтамасыз етілді және азаматтардың құқықтарын қорғаудың пәрменді институты ретінде Конституциялық сот құрылды.

Мемлекет басшысы айтқандай, Қазақстандағы саяси реформалар жүйелі ғана емес, ешқашан кері қайтпайтын сипатқа ие болды. Себебі ұлттың саяси сана-сезімі түбегейлі өзгерді. Азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігі демократиялық жаңғырудың басты кепіліне айналды. Сондықтан кері кетуге халықтың өзі жол бермейді және елге жаңа леп әкелген осы өзгерістерді табандылықпен қорғайтыны анық.

Жұртшылықтың алғашқы әсеріне қарап-ақ, қазақстандықтар сұхбатта айтылған ойларды толығымен қолдайды деуге толық негіз бар. Сұхбатта

Президентіміз қасиетті Қаңтар оқиғасының себебі мен оған не түрткі болғанына назар аударды. Тергеу нәтижелері мен осы оқиғадан бәріміз қандай сабақ алуымыз қажет екеніне де жан-жақты тоқталған. Шын мәнінде, біз Мемлекет басшысының еліміздің заңдарына, ұлттық мүдделеріне және халқымыздың бірлігіне негізделген берік ұстанымының арқасында Қазақстанның жаңа тарихында ең шиеленісті кезеңді өткізе алдық. Енді елді тоқырауға әкелетін мұндай оқиғалар ешқашан қайталанбауы керек. Қазіргі таңда қоғамда бұл мәселе бойынша нақты консенсус бар. Оған елімізде Президентіміздің басшылығымен іске асырылып жатқан демократиялық өзгерістер басты кепіл болып отыр.

Мемлекет басшысы сұхбатта экономикалық дамудың негізгі басымдықтарын да нақты атап өтті. Алдағы уақытта өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, экономиканың жаңа салаларын дамыту сапалы экономикалық өзгерістердің негізгі драйверлері болмақ. Еліміздің алдында 2029 жылға қарай экономика көлемін екі есеге арттырып, 450 млрд АҚШ долларына жеткізу міндеті тұр. Осыған байланысты Парламент биыл Бюджет, Салық кодекстерін және басқа да қажетті заңдарды қабылдайды.

Президентіміз ұлт мүддесін қорғау, оны ілгерілету, сондай-ақ

орнықты дамуға қолайлы жағдай қалыптастыру үшін Қазақстан салықты және прагматикалық сыртқы саясатты жалғастыратынын айтты. 2024 жылы еліміз өңірлік және халықаралық деңгейдегі бірқатар ықпалды ұйымдарға төрағалық етеді. Бұл – Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы жауапты және сенімді серіктес ретінде мойындалуының жарқын көрінісі. Еліміз шетелдік инвестиция үшін қолайлы жағдай қалыптастырады. Сондай-ақ өзінің барлық халықаралық міндеттемелерін орындап, жаһандық және өңірлік проблемаларды шешуге ықпал етеді. Шетелдік серіктестер Қазақстандағы тұрақтылықты, сындарлы диалог пен жасампаз ынтымақтастықты көздейтін бағдарды жоғары бағалайды.

Мемлекет басшысының сұхбатында осы және басқа да маңызды мәселелер жан-жақты талқыланды. Онда қоғамда алаңдатқан көптеген сауалға нақты жауап берілген. Сондай-ақ Президентіміз сұхбатта дамудың қазіргі кезеңінде мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттерді белгілеп берді. Осыған байланысты ел ертеңіне бейжай қарамайтын барша азаматтардың, саяси және қоғамдық ұйымдардың Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси, экономикалық бағдарына қолдау білдіріп, Мемлекет басшысының саясаты төңірегінде топтасып, Әділетті, демократиялық және инклюзивті Қазақстан құру жолындағы реформаларды іске асыру үшін өз үлесін қосуы аса маңызды. Бұл – тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, мемлекетіміздің болашағын жарқын ету үшін қажетті шарт. Осы мақсатта бәріміз бірлесіп, еліміздің дамуы жолында аянбай еңбек етеміз деп сенемін.



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты:

ҚОҒАМҒА АЙТАРЛЫҚТАЙ ОЙ САЛДЫ

– Жаңа жыл Мемлекет басшысының еліміздің мемлекеттік тілде бас газетіне бағдарламалық сұхбатымен басталды. Сұхбатты «газеттің саяси кепілі тұрып, асыға оқыған оқырманның бірі ретінде өз ойыммен бөлісуді жөн санадым. Сұхбатта көптің көкейіндегі көп мәселелер қозғалып, нақты жауап-бағдарлар айтылған. Ел Президенті жұрт аузында жүрген әңгімелерге ашық пікірін білдіріп, бірқатар мәселелер туралы бүкпеліс ойын айтқан. Қаңтар оқиғасы, қосарланған билік және ескі жүйе мен түрлі ықпалды ескі күштер тұрасындағы көп қауесеттерге нүкте қояды. Тоқетерін айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев көп сөзді қойып ел болып, бүгінгіміз бен ертеңімізге білек түре жұмыс жасайтын уақыт келгенін шегелеп айтқан. Ол үшін үздіксіз заңнамамыз толықтырылып, жетілдіріліп жатыр.

Ұлу жылында Қазақстанның халықаралық деңгейдегі үлкен іс-шараларға ұйытқы болуы да аса маңызды. 2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтеді. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі

жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді.

«Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз» деп Президент Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға болатынына тоқталған.

Әлемдік деңгейдегі саясаттанушылар мен сарапшылар 21 ғасыр «Азияның ғасыры» деңгейіне айынада өтетін алқалы жиынға әлемнің көптеген көшбасшысы мен жаһандық деңгейдегі компаниялардың жетекшілері қатысады. Жиында климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік сияқты барша елдерге ортақ мәселелер талқыланады.

Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзінше, бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған қиындықтарға тап болып отыр. Дегенмен, кез келген жүйелік дағдарыс қауіптердің кең ауқымын тудырумен қатар, өзімен бірге жаңа бірегей мүмкіндіктерді де алып жүреді. Сондықтан бізге сол мүмкіндіктерді жіберіп алмау жолында күш біріктіріп, бірлесе жұмыс істеу маңызды. Мемлекет басшысының ауқымды сұхбаты биліктің барлық тармақтарына үлкен жауапкершілік пен жалпы қоғамға айтарлықтай ой салады. Ұлу жылы ұлы істер көп болып, Отанымыз өркендей берсін!!!



Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының
төрағасы:

СҰХБАТТАН КӨП САУАЛДАРДЫҢ ЖАУАБЫН АЛДЫҚ

– Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетінде шыққан сұхбатынан отандастарымыз өздерін толғандыратын сұрақтарға жауап алды. 2023 жылға арналған қысқаша шолу, биылға арналған жоспарлар, соның ішінде сыртқы және ішкі саясат, АЭС құрылысы, қаңтар оқиғасының себептері мен алғышарттары баяндалған. Жаңа ережелер бойынша Мәжіліспен мәслихаттар мен ауыл

әкімдерінің сайлауы өтті.

Сондай-ақ сұхбатта «Жайлы мектептердің» құрылысы басталғаны туралы айтылды. Мәселен, елордада ұлттық жоба аясында 2025 жылға дейін 88 800 оқушыға арналған 24 мектеп пайдалануға беріледі. Биыл мәслихат депутаттары Астана әкімдігімен бірлесіп, мәдениет, білім беру, дене шынықтыру және спортты дамытудың Кешенді жоспарын әзірлеп, қабылдайды.

2024 жылы Астанада дүниежүзілік көшпенділер ойындары, бірқатар форумдар мен саммиттер өтеді. Сұхбатта Аманат партиясының, оның сайлауалды бағдарламасының рөлі атап өтілді, оның іске асырылуын бақылауды мәслихат депутаттары да депутаттары Астана әкімдігімен бірлесіп, мәдениет, білім беру, дене шынықтыру және спортты дамытудың Кешенді жоспарын әзірлеп, қабылдайды.



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, академик:

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚҰНЫН ЖОЙМАЙДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліне етене жақын «Egemen Qazaqstan» газетіне, «Қазақ газеттері» АҚ-ның бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлына берген сұхбатын мұқият оқып шықтық. Әртүрлі тақырыпты қаузаған ашық сұхбатта елді толғандырған мәселелер толыққанды қамтылып, құрылымдық жағынан жинақы, айтылар ойы нақты, жатық тілмен жұртшылыққа жеткізілген мәлімделердің мәні маңызды екенін айтқанымыз абзал.

Президент жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі ретінде маған Мемлекет басшының ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісі,

қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайында айтқандары зор әсер етті. «Біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, ең бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды. Сондықтан қандай қиындықтан өткенімізді бағамдайтын кезде ғана ауызбіршілік танытпай, баянды болашаққа да бірге қадам басуымыз қажет. Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз» деп ел келешегі үшін айрықша маңызды мәселелерге тоқтала келіп, елімізде еңбекқорлық пен жасам-

паздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс екендігін тілге тиек етті.

Үнемі жалпыұлттық құндылықтарға мән беруді мәлімдеп жүрген Мемлекет басшысы, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар құнын жоймайтынын тағы еске салды. Мемлекетімізді бәсекелестікке қабілетті елге айналдыруда сапалы ұлт қалыптастыру маңызды екенін ұмытпайық. Жалпыұлттық құндылықтарымызды ұлықтайық!



Шерзод ПУЛАТОВ,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Қазақстан халқы ассамблеясы республикалық медиация кеңесінің төрағасы, Астана қаласы өзбек этномәдени орталығының төрағасы:

ТАРИХЫМЫЗ ТҮГЕНДЕЛІП, ҰЛТТЫҚ РУХ КӨТЕРІЛЕДІ

– Президент «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында биыл өткен тарихымызды түгендеп, ұлттық рухымызды көтеретін жыл болатынын баса айтты. Мемлекет ұлттық тарихымызды түгендеу, тарихи әділдікті қалпына келтіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп отыр. Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі ауқымды зерттеу жұмысы аяқталды.

Тарихшылардың есебінен, Ұлу жылы Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл толады. Қазақ мемлекеттігінің іргетасын қалауға негіз болған ұлыстың

тарихына терең зерттеулер қолға алынады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи даталарды атап өту – той тойлауға емес, ұлттық саянаны жаңғыртып, ұрпақ тәрбиелеуде ой қорыту керек екенін айтып жүр. Биыл Президент тапсырмасымен әзірленген Қазақстан тарихының көптомдығы жарық көреді. Бұл ауқымды жұмысқа 200-ден аса жергілікті, 60-тан аса шетелдік маман атсалысты.

Биыл қазақтан шыққан айтулы ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы, Халық қаһарманы, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш

қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығы, Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығы тойланады.

Бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойынының қазақ жерінде өтуі ұлттық спорттың мәртебесін көтеріп, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің насихатын күшейтеді.

Жалпыұлттық диалог алаңы – Ұлттық құрылтай биыл көктемде өтеді. Онда ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, қоғамның жаңа құндылықтарын жаңғырту мәселелері талқыланады.

Салтанат ДЖЕНАЛАЕВА,
қалалық мәслихат депутаты,
Amanat партиясы жанындағы
Отбасы және халықты
әлеуметтік қорғау мәселелері
жөніндегі кеңестің төрағасы:



ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ ШЕШІМІН АЙТТЫ

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған ауқымды сұхбатынан қазақстандықтар елдегі саяси процестерге қатысты барлық сауалдарына толыққанды жауап таба алады. Мемлекет басшысының сұхбатын үлкен қызығушылықпен оқып шықтық. Бүгінгі тарихымыздың барысына әсер еткен Қаңтар оқиғасына қатысты жедел әрі нақты шешім қабылдауға тура келген қызықты жайттар қамтылған.

Президент елімізде қордаланған әлеуметтік мәселелердің қалай шешілгені туралы баяндады. Мысалы, мектеп құрылысы, оның ішінде «жайлы мектеп» салу, медициналық нысандар салу, әлеуметтік ахуалы төмен топтағы азаматтарды кешенді қолдауға бағытталған Әлеуметтік кодексті енгізуге қатысты мәселелер жан-жақты түсіндірілген. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнаулы әлеуметтік төлемдер бекітілді. Ден-

саулығы мен өміріне төнетін қауіпті ескере отырып, табиғат қорғау қызметінің мамандарына қосымша төлем бекітілді. Медициналық қызметкерлер, мектеп, колледж, балабақша педагогтарының жалақысы артты. Ұлттық қордан балаларға төлем жасау туралы заң қабылданды. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, соның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып, ең төменгі жалақыны анықтаудың жаңа әдістемесі қабылданды. Бұған қоса Мемлекет басшысы жаңа жылдан не күтетінін, Қазақстанда өтетін маңызды іс-шаралар жайлы баяндады. Көпшілік бұл сұхбаттан өзін толғандырған сұрақтарына жауап таба алатынына сенімдімін. Мен балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасағандарға қандай шаралар қолданылатыны және алдын алу жұмыстары қалай күшейтілетіні туралы білгім келген. Сұхбаттан осы сұрақтардың жауабын алдым.

Олжас ҚҰСПЕКОВ,
Мәжіліс депутаты:



КӨПВЕКТОРЛЫ БАҒЫТТЫ ҰСТАНАМЫЗ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбатында ұлт мүддесі мен экономикалық дамуда дипломатияның маңыздылығына баса назар аударды. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек алға қарауымыз керек! Бұл дәуірде қазақ үшін дипломатиядан басқа жол бар ма? Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның геосаяси жағдайын ескере отырып, көпвекторлы сыртқы саясатты ұстану керектігін айтты. Сондықтан Қазақстан Республикасы сыртқы саясатта көпвекторлы бағытты ұстанады. Бұл бейбітшілік, тепе-теңдік және прагматиканы сипаттайды.

Сонау Орталық Азия тарихындағы маңызды сауда және мәдени жолды білдіретін Ұлы Жібек жолы – халықаралық

қатынастың өзара тиімді болатындығының айқын дәлелі. Ұлы Жібек жолы әртүрлі өркениеттерді байланыстыратын және тауарлар, идеялар мен мәдениет алмасуға мүмкіндік беретін сыртқы халықаралық қатынастардың негізгі элементі болды. Биыл елімізде бірқатар жаһандық саммиттер мен форумдар өтеді. Қазақстан бірнеше халықаралық ұйымдарға төрағалық етеді. Егер Ұлы Жібек жолы мәдениет пен сауданы дамытса, бұл ұйымдар өзара көмек пен қолдау көрсетуге бағытталған және біз абыроймен қызметімізді атқарып келе жатқанымызға сенімдіміз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, еліміздің күші – бірлікте, парасаттылық пен төзімділікте. «Алыстағы ағайыннан, жақындағы көрші артық» деген қазақтың қара

сөзінде айтылғандай, сыртқы саясаттың беріктігі мақсатында Қазақстан көрші елдермен қарым-қатынасын нығайта бермекші. Бүгінгі таңда Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас достық, тату көршілік және мәңгілік стратегиялық әріптестік рухында белсенді дамып келеді. Ал Ресей – Қазақстанның басты стратегиялық әріптесі әрі одақтасы. 20 миллион қазақстандықты қол ұстатып шекара шебіне қойсақ, адам саны жетпесі анық. Осы аталарымыздан қалған аманат жер, дүниеде 9-орынды иеленген ұлан-ғайыр атырапты сақтап қалып, ұлт мүддесіне жұмыс істеу үшін елдің экономикасын әрі қарай дамытуға сыртқы саясатта дипломатиялық, достық, экономикалық мүдделілікті сақтау арқасында ғана жетуіміз сөзсіз.

Назгүл МАҚЖАН,
Астана қаласының Әйелдер
істері және отбасылық де-
мографиялық комиссиясы
төрағасының орынбасары:



БАҒДАРЫМЫЗДЫ БЕЛГІЛЕДІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беріп, онда ішкі және сыртқы саясат, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2022 жылғы қаңтар оқиғасы, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, АЭС құрылысы және басқа да өзекті мәселелер қозғалды. Президенттің бұл жаңа жылдық сұхбатынан мен ғана емес, республикамыздың дамуына мүдделі азаматтардың көпшілігі де толғандырған сұрақтарына жауап тапты деп ойлаймын.

Ең алдымен, елдің өткені мен бүгінгі әділ бағаланып жақсы талданғанын атап өткім келеді.

Мемлекет басшысы дамушы мемлекет ретінде біз ортағасырлық дәстүрлердің, естеліктердің, менталитеттің, өзара және қоршаған әлемге деген қызығушылығын архаикасына енбей, алға жылжуымыз керек деген нақты «месседж» берді.

Менің ойымша, Президент бүкіл Қазақстан үшін қайғылы Қаңтар оқиғасының толық бейнесін берді. Ұзақ тергеу мен сот үкімдерінен кейін көп нәрсе анықталды. Қазақстандықтар ғана емес, Қазақстанның шетелдік серіктестеріне де қажет болған нүкте қойылды.

Сонымен қатар, Қасым-

Жомарт Кемелұлы таяу жылға ғана емес, Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаттағы, экономикадағы, қоғамдық өмірдегі стратегиялық басымдықтарын да айқындады. Біздің алдымызда адами капиталды, инфрақұрылымды, өнеркәсіпті, агросекторды дамытуға байланысты міндеттер тұр.

Біз бұл ретте кедергі болатын қорқыныш пен үрейден арылуымыз керек. Біріншіден, бұл экономикалық, әскери, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы жақын көршілерімізбен тығыз қарым-қатынастан қорқу. Президент қоғам өмірін одан әрі демократияландыру, мемлекетті жоспарлау, бақылау және басқару процестеріне белсенді, бейжай қарамайтын азаматтарды тарту жөніндегі жоспарларды іске асыруда өзінің шешімін тағы да растады. Қарапайым сөзбен айтқанда, Мемлекет басшысы осы уақыт аралығында қордаланған сұрақтар мен ойларға нақты жауап берді.

№2 (4590) 06/01/2024 Сенбі

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек азаматтарды қабылдады. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Азаматтарды қабылдадым. Қабылдаулар кезінде тұрғындар негізінен баспана, медициналық көмек, әлеуметтік көмек, абаттандыру, әлеуметтік нысандар салу және тағы басқа мәселелер бойынша жүгінеді. Осының негізінде қаланың дамуына қатысты толықтырулар енгіземіз. Мәселен, 2024-2025 жыл-

дар аралығында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 90 мыңға жуық оқушы орнына (2 ауысымды) арналған 24 мектеп салынады. Сонымен қатар, өзге де мемлекеттік мектептер саламыз, сол сияқты жеке инвестициялар жұмылдырамыз» деп жазды Ж.Қасымбек.

Әкім биыл мемлекеттік балабақ-

шалар мен Оқушылар сарайын салу жұмыстары басталатынын мәлім етті. «Биыл 5 Оқушылар сарайының құрылысын бастаймыз. Ал 2029 жылға дейін 15 Оқушылар сарайын салуды жоспарлап отырмыз» деді ол. Тұрғындардың өтініш-тілегі, ұсынысы назардан тыс қалмайтынын жеткізген қала басшысы: «Азаматтарды қабылдаулар барысында көтерілген мәселелерді назарда ұстаймыз. Проблемаларды шешуді қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді деп бөлеміз» деп сөзін түйіндеді.

МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Amanat партиясы Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жергілікті жерлерде іске асыру аясында Парламент Мәжілісінің депутаттары Павел Казанцев, Мәди Такиев, Татьяна Савельева, Самат Нұртаза, Дәулет Тұрлыханов, Дәулет Мұқаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов елордадағы №3 су сорғы-сүзгі стансасы жұмысымен танысты.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Соңғы жылдары бас қала тұрғындары санының күрт өсуі мен қала құрылысының қарқын алуына байланысты су тұтынушылардың көлемі артып, ауысу тапшылығын тудырды. Осы мәселені шешу мақсатында №3 су сорғы-сүзгі стансасы іске қосылды.

«Жыл сайын елордада 3 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй және әлеуметтік нысандар, коммерциялық алаңдар пайдалануға беріледі. Халық саны жыл сайын 50 мыңнан астам адамға артады. Бұл жағдай су тұтынудың, қаланың инженерлік инфрақұрылымына түсетін жүктемелің едәуір ұлғайына алып келеді. Осы мәселелерді шешу үшін өткен жылдың соңында құрылысы аяқталған №3 су сорғы-сүзгі стансасы пайдалануға берілді. Оның қуаты тәулігіне 105 текше метрді құрайды. Бүгінгі күні елордада ауысу тапшылығы байқалмайды. 2023 жылдың маусым айында Астана су қоймасынан су құбыры іске қосылды. Ол қаланы тәулігіне қосымша 90 мың текше метр сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ал №3 су сорғы-сүзгі стансасы 2028 жылға дейін үлкен қуат қорын жасайды» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаевтың айтуынша, №3 су сорғы-сүзгі стансасының құрылысы

Интернациональный тұрғын алабында қалалық Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының тапсырысымен 2021 жылдың қазан айында басталып, өткен жылдың желтоқсанында аяқталды. Жоба құны 58 млрд теңгені құрап, тиісті қаржы республикалық бюджеттен бөлінді. Оның жалпы ауданы – 17 511 шаршы метр.

Жоба аясында №3 су сорғы-сүзгі стансасы алаңынан №31 көше бойымен Тұран даңғылына дейін, ұзындығы шамамен 17 шақырым болатын магистральды су құбырын салу қарастырылған. Жобаны іске асыру қаланы судың қажетті көлемімен қамтамасыз етуге, елорданың сол жағалауындағы сумен жабдықтау желілерінің қысымын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

«Стансада химиялық, биологиялық, бактериялық екі лаборатория орналасқан. Вячеслав су қоймасынан күн сайын 100 мың текше метр шикі су келіп тұрады. Шикі су химиялық, механикалық, ультракүлгін 3 кезеңнен өтіп, өңделеді. Бұл стансаның іске қосылуы сол жағалауды сумен толық қамтамасыз етті» деді «Астана су арнасы» кәсіпорны бас директорының бірінші орынбасары Абылай Елжасов.

Мәжіліс депутаты, Amanat партиясының Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Павел Казанцевтің пікірінше, су тапшылығын алдын алу үшін қала тұрғындары суды үнемдеуді үйренуі керек.

«Бақшаларды ауызсумен суару, ауызсумен көлік жуу дұрыс емес. №3 су сорғы-сүзгі стансасы іске қосылды. Бірақ қаланың өсу қарқынын ескерсек, мәселе жалғасын табады. Әрине, №4 су сорғы-сүзгі стансасын салу жоспарланған. Бұл жоба су көзі тапшы аудандарға жүргізілмек» деді депутат. Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов су мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарында екенін айтып, Президент «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында су мәселесіне ерекше тоқталып өткенін атап өтті.

«Су мәселесі – өзекті мәселе. Елімізде, елордада ғана емес, бүкіл әлемде су тапшылығы байқалып жатыр. Осы орайда №3 су сорғы-сүзгі стансасының Астана инфрақұрылымында алатын орны зор» деді депутат.

Жалпы Астанада жоспарланған нысандар құрылысының сапалы әрі өз уақытында аяқталуын Amanat партиясы өз бақылауында ұстап отыр. Мәжіліс депутаттары елордадағы басқа да маңызды нысандарға барды. Атап айтқанда, Дәулет Тұрлыханов Кирпичный тұрғын алабында салынып жатқан №12 мектептің құрылыс барысымен және №1 Автобус паркінің жұмысымен танысты. Ал Павел Казанцев пен Самат Нұртаза «Оңтүстік-Шығыс» газ жылыту стансасын аралады. Мәди Такиев, Татьяна Савельева және Дәулет Мұқаев болса, №96 мектеп-гимназия және «Тұран» газ жылыту стансасына барды.

2023 жылы қалалық мәслихат депутаттары елордадағы білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет пен өнерді қолдау мен дамыту бағытында бірқатар игілікті істерді жүзеге асырды. Соларға жеке-жеке тоқталайық.

ӘЛЕУМЕТ ЖАЙЫ – НАЗАРДА



Төлән ТІЛЕУБАЙ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, өткен жылы депутаттардың бастамасымен елорданың медициналық мекемелерін салу мен жөндеуді көздейтін Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспары әзірленді. Депутаттық корпус Астанада аутизм спектрі тұлғаның аутизм спектрі орталығын Түркияда жұмыс істеп тұрған осыған ұқсас орталықтың үлгісі бойынша ашуға бастамашылық жасады, оңалту барысында инновациялық әдістер қолданылады.

Өткен жылы балабақшалардың жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін жол картасы әзірленді, оған мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мәселелері енгізілді. Мәслихат төрағасы бұл жекеменшік балабақшалар ұсынатын қызметтердің сапасына қатысты көптеген шағымдарға байланысты қолға алынған іс-шара екенін айтты. Жол картасы белгілі бір уақытта балабақшаларға деген қажеттілікті жабуға көмектесті.

VII және VIII сайланым депутаттары бірнеше рет көтерген күрделі мәселенің бірі – балалардың денсаулығына әсер ететін мектеп тағамдарының сапасы. 2023 жылы мектеп асханасындағы тағамдарының құны 30 пайызға артып, жаңа мәзірді дайындау барысында балалардың тамақтануына бөлінетін қаражатты қосымша көбейту жоспарда бар. Демек ақша көбейсе, өнімдер сапасы артады, ас мәзірінің әртүрлілігі жақсарды. Білім беру саласындағы айтулы жаңалық – мәслихат депутаттары өткен жылы 100 білім беру гранты тапсырды. Ерлан Каналимов атап айтқандай, көпбалалы және әлеуметтік ахуалы төмен отбасылардан шыққан балалар, «Жастар рухы» қозғалысының белсенділері және жас спортшылар «Синергия» университетінде және «Astana International University»-де тегін оқиды. Сондай-ақ 40 бала Көлік және коммуникация жоғары колледжінде, халықаралық М.Жұмабаев атындағы колледжде тегін білім алады.

Өткен жыл мәдениет саласы үшін де табысты болды. Депутаттар М.Горький атындағы мемле-

кеттік академиялық орыс драма театрының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізуді қолдады. Былтыр қалалық кітапхана жүйесін жаңғырту мәселесі оң шешілді. Жаңғырту бағдарламасы бойынша 18 кітапхананың төртеуінде жөндеу жұмыстары басталды. Кітапханаларда жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділік қамтамасыз етілді, коворкингке, балалар аймақтарына бөлінген жұмыс кеңістігі өзгерді. Биылғы қуанышты жаңалықтың бірі – 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап мәдениет қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 71 пайызға, ал 2025 жылы 100 пайызға көбейеді.

Өткен жылы әлеуметтік саладағы көптеген өзекті мәселелерді шешуге қалалық мәслихат депутаттары толықтай аталысты. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов былай деді:

«Депутаттар дер кезінде Астананың Бас жоспарына қала тұрғындарының ұсыныс-тілектерін енгізу үшін Бас жоспар базасындағы көшпелі отырыстарда барлық мәселелер ашық айтылып, өз шешімін тапты. Елорда тұрғындарының санының өсуіне қатысты алғашқы болжамдар өзекті болмағандықтан, осыған байланысты құжат айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Елордалық мәслихат депутаттарының бастамасы бойынша мынадай іс-шаралар атқарылды:

- 1) тұрғын үй сертификаттарының сомасы 1 млн теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін ұлғайтылды, оларды алушылардың санаты кеңейтілді;
- 2) емдеу-сауықтыру мекемелерінің санын 5-ке дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды;
- 3) 2024 жылдың басынан ерекше қажеттілігі бар адамдарға күніне біржолғы төлемдерді арттыру жоспарлануда. Ол I топтағы мүгедектер үшін 69 мың теңгені, II топ үшін 34,5 мың теңгені және III топ үшін 17 250 теңгені құрайды;
- 4) Бурабай ауданында орналасқан қарттарға, ерекше қажеттілігі бар адамдарға (ұлкендерге, балаларға) арналған оңалту орталығының аумағында медициналық корпус салу мәселесі көтерілді;
- 5) 2024 жылы 3400 адамның тісіне протез салу және санация қызметтерімен қамту туралы шешім қабылданды».

100 НАУҚАСТЫҢ ЖАРАҚАТЫН ЕМДЕДІ

Елордадағы №1 көпсалалы қалалық аурухананың дәрігерлері түрлі жарақаттар мен сырқаттардан кейін реконструкциялық ота жасауды қажет еткен 100-ден аса науқастың өмір сүру жағдайын қалпына келтірді. Бұл туралы деп «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» KEAQ Астана филиалына сілтеме жасай отырып Elorda.info сайты хабарлады.

Науқастарға бұл күрделі де қымбат оталар – жоғары мамандандырылған реконструкциялық көмек МӘМС жүйесі бойынша тегін жасалады. Реконструкциялық пластикалық хирургия жай ғана пластикалық хирургия емес. Хирургияның бұл саласы жарақаттардың, күйіктердің, туа біткен және жүре пайда болған ақаулардың салдарын қалпына келтірумен айналысады. Реконструкциялық хирургияның мақсаты – ең алдымен дене мүшелерінің қызметін, сондай-ақ эстетикалық көрінісін қалпына келтіру.

«Реконструкциялық хирургиядағы әрбір дерлік жағдай жан-жақты дайындықты және ұзақ уақыт қалпына келтіруді қажет етеді. Біздің пациенттеріміздің жағдайында көбіне хирургиялық араласудың бірнеше сатысын қажет етеді. Ең бастысы, бұл оталарды пациенттерге тегін МӘМС аясында жасауға мүмкіндігіміз бар, әйтпесе, ойлап қараңыз, тек бір науқасқа сапалы өмір салтына оралу үшін шамамен 8-9 күнбаты ота қажет болуы мүмкін» дейді Астана қаласындағы №1 көпсалалы



қалалық аурухананың жоғары санатты пластикалық хирургі Нұрлыбек Бекбауов.

Біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған атақты Аңырақай шайқасына 295 жыл (1729 ж.), кейбір деректерде 1730 ж.).

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл (наурыз, 1994 ж.).

Қазақстанда мыңжылдықтардың мұрасы және көшпелі дала салтын ұлықтаған Дүниежүзілік V көшпенділер ойыны «Ұлы дала дүбірі» ұранымен өтеді (8-14 қыркүйек).

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл.

Республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне 105 жыл (17.12.1919 ж.).

Республикалық «Қазақ әдебиеті» газетіне 90 жыл (қараша, 1934 ж.).

Қазақстан Жазушылар одағының құрылғанына 90 жыл.

Қазақстан Композиторлар одағының құрылғанына 85 жыл.

Ядролық жарылыстарға қарсы құрылған «Семей-Невада» қозғалысына 35 жыл (26.02.1989 ж.).

Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрына 90 жыл (1934 жылы ашылған, 1945 жылы Абай аты берілген).

Қазақстандағы алғашқы музыкалық жоғары оқу орны – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ашылғанына 80 жыл (1945 жылы оқу орнына күй атасы – Құрманғазы Сағырбайұлының аты берілді).

Атақты «Дос-Мұқасан» вокалды-аспапты ансамблінің құрылғанына 55 жыл (1969 жыл).

Қазақ киносының үздік туындысы – «Тақиялы періште» көркем фильмінің экранға шыққанына 55 жыл (1969 жыл, режиссері Ш.Айманов, ана рөлінде Әмина Өмірзақова, Тайлақ бейнесін Әлімғазы Райымбек экранға шығарған).

Әйгілі тарихшы, әдебиетші, ғұлама ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің туғанына 525 жыл.

Қазақтың қаһарман батыры, әйгілі қолбасшы Қарасай батырдың туғанына 435 жыл (1589-1671 жж.).

Қазақтың атақты үш биінің бірі, дара ойлы Әйтеке бидің туғанына 380 жыл (1644-1700 жж.).

Есет батырдың туғанына 355 жыл (1669-1756 жж.).


Қазақ халқының елдік пен еркіндікті қорғау жолында жоңғар шапқыншылығында ерен ерлік жасап, иісі қазаққа даңқы жайылған батырдың бірі Байғозы батырдың туғанына 320 жыл (1705-1803 жж.).

Баянауыл дуанының алғашқы аға сұлтанының бірі, алғұрлығымен Шешендігімен «бұлбұл» атанған Шорман Сәпиұлының туғанына 255 жыл (1769-1837 жж.).

Ел қамын ойлап, Шыңғыстауды оятқан дала данышпаны, би, аға сұлтан, ел билігінің көрнекті қайраткері, ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажы Өскенбайұлының туғанына 220 жыл (1804-1886 жж.).

Жалынды ақын, күйші-композитор, қазақ халқының еркіндігін аңсаған Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл (1804-20.10.1846 жж.), бір деректерде 1803 жылы туған делінген.

Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, саяси қайраткер, әске-



2024 ЖЫЛ: БЕДЕРІ БИІК КҮНДЕР

Биыл елімізде атаулы күндер мен танымал тұлғалар дүниеге келген даталар мен мерейтойлар өте көп. Осыған орай, тұрақты авторымыздың тұжырымын назарларыңызға ұсынамыз.

ри қолбасшы Оспан батырдың (Исламұлы) туғанына 125 жыл (1899-29.04.1951 жж.).

Атақты ақын Майкөт Сандыбайұлының туғанына 200 жыл (1824-1837 жж.).

Атақты әнші, сал-сері, композитор, айтыс ақыны Біржан салдың (Қожағұлұлы) туғанына 190 жыл (1834-1897 жж.).

Ұлт-азаттық көтеріліс жетекшісі Ақкөз батыр Қосанұлының туғанына 165 жыл (1859-1921 жж.).

Алып күштің иесі, жауырыны жерге тимеген палуан, әнші, композитор Балуан Шолақтың (Нұрмағамбет Баймырзаұлы) туғанына 160 жыл (1864-1919 жж.).

Қазақ ән өнерін зерттеген этнограф ғалым, зерттеуші, қазақ әндерінің қамқоршысына болған музыкатанушы, талантты композитор, «Қазақтың 1000 әні» жинағының авторы, Қазақстанның тұңғыш Халық әртісі Александр Затаевичтің туғанына 155 жыл (1869-1936 жж.).

Дулдұл әнші, термеші, композитор Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл (22.06.1884-12.04.1976 жж.).

Қазақтың әйгілі күйші-композиторы Қазанғап Тілепбергенұлының туғанына 170 жыл (1854-1921 жж.).

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл (1889-1931 жж.).

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш партиясы жетекшілерінің бірі, әскери дәрігер, Түркістан АКСР жер және денсаулық сақтау халық комиссары, ғалым, профессор Санжар Асфандировтың туғанына 135 жыл (1889-1938 жж.).

Алаштың ардақты ұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл (26.12.1894-10.02.1938 жж.).

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, ақын Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің туғанына 130 жыл.

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының төрағасы болған тілші-ғалым Нұртас Дәндібайұлы Оңдасновтың туғанына 120 жыл (26.10.1904-01.11.1989 жж.).

Рейхстагқа ту тіккен ержүрек батыр, Қазақстанның «Халық қаһарманы» Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (19 қазан 1924-тамыз 1988 жж.).

Кеңес Одағының Батыры Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұлованың туғанына 100 жыл (15.06.1924-14.01.1944 жж.).

Көрнекті әскери қайраткер, армия генералы, Кеңес Одағының Батыры, «Қазақстанның Халық қаһарманы», тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағанбетовтің туғанына 100 жыл (25.05.1924-24.09.2013 жж.).

Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, филология ғылымының докторы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әлкей Марғұланның туғанына 120 жыл (11.05.1904-12.01.1985 жж.).

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың туғанына 125 жыл (1899-1938 жж.).

Қазақстанда геологиялық барлау және зерттеу саласы мен геология ғылымының негізін қалаушы, атақты геолог-ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл (12.04.1899-31.01.1964 жж.).

КСРО Халық әртісі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Шәкен Аймановтың туғанына 110 жыл (15.02.1914-23.12.1970 жж.).

Белгілі сатирик-жазушы, ана тілінің жанашыры Шона Смаханұлының туғанына 100 жыл (02.11.1924-29.10.1988 жж.).

Қазақ археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі, тарих ғылымдарының докторы, археолог Кемел Ақышевтың туғанына 100 жыл (23.05.1924-10.08.2003 жж.).

Ұлы Отан соғысының ардагері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл (22.10.1924-2022 жж.).

Қазақтың классик жазушысы, балалар қаламгері Бердібек Соқпақпаевтың туғанына 100 жыл (15.10.1924-21.07.1991 жж.).

Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, театр және кино саңлағы Әмина Өмірзақованың туғанына 105 жыл (08.03.1919-26.09.2006 жж.).

КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, қазақтың бұлбұл әншісі Бибігүл Төлегенова 95 жасқа толады (16.12.1929 ж.).

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбіш Кекілбаевтың туғанына 85 жыл (06.12.1939-11.12.2015 жж.).

Қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл (25.12.1939-24.01.2014 жж.).

Әлемдегі тұңғыш ғарышкер, Байқоңырдан ғарышқа ұшқан Юрий Гагариннің туғанына 90 жыл (09.03.1934-27.03.1968 жж.).

Қазақтың көрнекті әншісі, жазушы, өнер зерттеушісі, Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі Жәнібек Қармановтың туғанына 75 жыл (22.03.1949-22.06.1992 жж.).

Ұлтымыздың күміс көмей әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «қазақтың Ақ-Баяны» атанған Мәдина Ералиеваның туғанына 70 жыл (02.08.1954-20.11.2000 жж.).

Атақты волейболшы, КСРО және Еуропа чемпионы, әйгілі «Буревестник» командасының капитаны, еңбек сіңірген спорт шебері, КСРО құрама командасының мүшесі Жәнібек Сауранбаевтың туғанына 85 жыл (1939-24.10.2016 жж.).

Қазақ халқының ардақты ұлы, қаратәден «қара белбеу» иегері, тәуелсіз Қазақстанда қаратә күресінің негізін салған Мұстафа Өзтүріктің туғанына 70 жыл (қараша, 1954-15.03.1994 жж.).

Белгілі түркітанушы венгр ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Иштуан (Иштван) Қоңыр Мандокидің туғанына 80 жыл (10.02.1944-22.08.1992 жж.).

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қаратай Тұрысовтың туғанына 90 жыл (02.02.1934-01.08.2004 жж.).

Мемлекет және қоғам қайраткері Әмірбек Байгелді 85 жасқа толады (15.04.1939 ж.).

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, айтулы ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталының туғанына 85 жыл толады (10.09.1938-21.12.2022 жж.).

Қырғызәлі ТІЛЕУОВ,
мемлекеттік қызмет ардагері, зейнеткер

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**ҚАЙ ТҮРІНЕ
СЕНІМ АРТАМЫЗ?**

Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары Олимпиада ойынына 8-рет қатысады. 1996 жылы АҚШ-тың Атланта төрінде 3 алтын (Василий Жиров, Александр Парыгин, Юрий Мельниченко), 4 күміс және 4 қола медаль алып, жалпыкомандалық есепте 24-орыннан көрінді. Спорт сарапшылары бұл жеңісті КСРО спортының жемісі деп баға берді. 2000 жылы Австралияның Сиднейде олимпиадашылар жиналып, кіл мықтының ішіндегі шын мықты кім екенін анықтады. Бұл сында Бекзат Саттарханов жасындай жарқ етсе, боксшы Ермахан Ибраимов қарсыластарын жапырды. Ал желаяқ Ольга Шишигина алдына жан салмады. 2004 жылы Олимпиада алауы бастау алған Афинада төртжылдықтың басты бәсекесі өтіп, тек Бақтияр Артаев қана көк байрағымызды көкке көтерді. Бұл жолы ұлт спорты құлдырады, тәуелсіздіктің төл буынының қауқары осы деп топшылағандар көп болды. Жоқ, олай емес екен. 2008 жылы Пекинде өткен аламанда боксшы Бақыт Сәрсекбаев пен ауыр атлет Алла Важенина, 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында Александр Винокуров, жеңіл атлет Ольга Рыпакова, боксшы Серік Сапиев, 2016 жылы Рио-де-Жанейрода олимпиадашылар арасында жүзуден Дмитрий Баландин, ауыр атлет Ниджат Рагимов, боксшы Данияр Елеусінов дараланды. Кейін Ниджат допинг қолданғаны дәлелденіп, алтын медалі кері қайтарылды. Алтын қасиет таңдайтын металл ғой. Содан кейін Токио Олимпиадасында қазақ спортшылары қанша талпынғанмен, алтыннан құр қалды. Токиода 93 қазақстандық 19 спорт түрінен бақ сынап, 8 қола медаль алды. Сөйтіп, Олимпиадада медаль алған 93 мемлекеттің ішінде 83-орынмен түйінделді. Бұл ел тарихындағы ең сәтсіз Олимпиада ретінде бағаланды. Өйткені командалық есепте біздің алдымызға Африканың бірқатар елі шықты. Тіпті халық саны 40 мыңға жетпейтін Сан-Марино, тұрғын саны 80 мыңға жуықтайтын Бермуд аралдары жоғары тұрды.

Токио Олимпиадасына қатысқан спортшылардың сәтсіз өнері және ұлт спортының құлдырау себебін жауапты ведомство түсіндіруі керек еді. Бірақ Мәдениет және спорт министрлігі де, Ұлттық олимпиада комитеті де мұндай қадамға бармады. Содан бері бір олимпиадалық цикл сырғып өтіп, спортқа жауапты министрлік қайта құрылып, министр ауысты. Ермек Маржықпаев – үлкен спортқа ұзақ жыл өнер көрсетіп, табысқа жеткен азамат. Яғни бұқаралық спортты ілгерілетудің жолын біледі, спортшыларды қолдап, жетістікке жетуге ынталандыра алады. Мұның нәтижесін Париж төрінде көретін боламыз.

Рас, бар үміт Париж Олимпиадасына қатысатын олимпиадашыларда. Әзірге біздің спортшылар 7 спорт түрінен 16 жолдамаға ие болды. Соның біреуі – астаналық Елена Потепенко. Ол Азия ойындарында бессайыстан 5-орын алып, жолдама алды. Одан бөлек, 17 астаналық спортшы Олимпиадаға қатысуға үмітті.

Бұл жолы спорттың қай түріне сенім артамыз? Бұл сұраққа спорт журналисі Бек Төлеуов былай жауап берді:

«Қазіргі қазақ спорты ең бір қиын сәтті бастан кешіріп жатыр. Бұл қаржылай жағынан емес. Нәтижеге қатысты айтып отырмын. Құлдыраудың басталып кеткеніне біраз жыл болды. Бұрынғыдай мынау нақты жүзде әкеледі деп айту қиын. Бокстағы салмақ саны да азайып кетті. Дегенмен боксшылар медаль



СПОРТ ДОДАЛАРЫ ЖЫЛЫ

2024 жылдың басты ерекшелігі – бәсекелі спорт додалары көптеп өтеді. Солардың ішінде ең айтулысы – «Жылдам. Жоғары. Күшті» ұранымен өтетін Олимпиада ойыны. Париж қаласында 26 шілдеден 11 тамызға дейін байрағы көтерілетін ойында 208 елдің спортшылары 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығын сарапқа салады. 8-14 қыркүйекте Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында 100-ден астам мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы қатысады. Ойынның бұл түрі де тартысты өтеді.

алуы тиіс. Бірақ алтынның болу-болмауы екіталай. Дзюдодан тек Абиба Әбужақыновадан қола медаль күтеміз. Басқаға сенім арту қиындау. Теннистен Елена Рыбакина бар. Сосын міндетті түрде ешкім күтпеген бір сенсация болуы тиіс. Спортшылардың қазіргі нәтижесіне қарап нақты мынау алтын әкеледі деп кесіп айту қиын».

**ҮШІНШІ РЕТ
ҚАБЫЛДАЙДЫ**

Расында, Франция жазғы Олимпиада ойынын үшінші рет өткізеді. 1900 жылы алғаш рет Парижде өткені белгілі. Сол турнирге әйел спортшылар алғаш рет қатысты. Екінші рет 1924 жылы қабылдады. Бұл кезде Олимпиада қозғалысының бастамашысы француз Пьер де Кубертен жарыстың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты. Арада бір ғасыр өткенде Пьердің рухына тағзым ету мақсатында Париж үшінші рет Олимпиаданы қабылдайды.

26 шілдеде ашылу салтанаты ойындар тарихында бірінші рет негізгі олимпиадалық стадионда емес, одан тыс жерде өтеді. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен спортшылардан 200-ден астам делегация қатысады. Олар Сена өзенінде 160 қайықпен жүзіп өтеді (Аустерлиц пен Йена көпірі арасында шамамен 6 шақырым). Йена көпірінен спортшылар Олимпиада алауын жағу рәсімі өтетін Трокадеро алаңына бет алады. Ашылу салтанатын 600 мыңға жуық адам тамашалайды. Париж Олимпиадасының бірінші ерекшелігі – осы. Екінші-

ден, негізгі жарыстар Парижде өтсе, сондай-ақ Ле-Ивелин, Сена және Марна, О-де-Сен және Сена-Сен-Денис аумағында да жарыстар өтеді. Версальда ат спорты мен веложарыс басталады. Бордо, Нант, Лион, Сент-Этьен, Ницца және Марсельдегі стадионда футболшылар сыға түседі. Су спорты – серфингтен жарыстар Тынық мұхитының оңтүстік бөлігінде орналасқан Францияның тәуелді аймағы Полинезия мен Таитиде өтеді. Бұл – ойын тарихындағы ұйымдастырушы қаладан ең алыс орын.

Олимпиада ойынына 206 мемлекет қатысуға өтініш білдірді. Ресей мен Беларусь спортшылары бейтарап статуспен қатысуға мүмкіндік алды. Одан бөлек, боксшылар олимпиадалық құрамасы қатысады. Олимпиада бастамашысы француз Пьер де Кубертен жарыстың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты. Арада бір ғасыр өткенде Пьердің рухына тағзым ету мақсатында Париж үшінші рет Олимпиаданы қабылдайды.

24 шілдеде негізгі жарыс басталып, бірінші регби және футбол алаңында топтық ойындар басталады. 27 шілдеде бокстан іріктеу кезеңі басталса, 6-10 тамыз аралығында финалдық бәсекелер өтеді. 27 шілдеден 3 тамызға дейін дзюдошылар татамиге көтеріледі. Ал 27 шілдеден 5 тамыз аралығында ату спортынан үздік мерген анықталады. 6-11 тамызда күрес түрлері бойынша үздіктер анықталады. Таэквондошылар мен ауыр атлеттер турнирдің соңғы төрт күнінде бақ сынайды. 1-11 тамызда жеңіл атлеттер 48 медальді сарапқа салса, 27 шілде-9 тамыз аралығында 37 медальға жүзгіштер таласады.

**БИЛЕТТІ ҚАЛАЙ
АЛАМЫЗ?**

Париж Олимпиадасын көзбен көру мақсатында спорт жанкүйерлері өткен жылдан бері билет сатып алуда. Халықаралық Олимпиада комитетінің коммуникациялар жөніндегі директоры Марк Адамстың сөзінше, 10 миллион билеттің 7,2 миллионы сатылды. Оған әлемнің 158 елінің азаматтары не болды.

Сату бірыңғай цифрлы платформа арқылы жүзеге асады. Make your Games жеке билеттер пакетін сатып алу құқығын алды. 2022 жылдың қарашасынан 2023 жылдың қаңтарына дейін жанкүйерлер жеке билет пакетін сатып алу құқығын беретін жерге тіркелді. Жеңімпаздар жеребе әдісімен анықталды. Егер билет алып үлгермесеңіз, 15 ақпаннан 9 наурызға дейін екінші билеттер пакетіне тапсырыс бере аласыз.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, билет алушының 44 пайызы – 35 жасқа дейінгі адамдар. Билеттің ең көбі футбол көруге сатылды. Ашылу мен жабылу салтанатына да сұраныс жоғары.

Билеттің төменгі бағасы – 24 еуро. Ұлттық валютамен есептегенде 12 мың теңгедей болады. Билеттің 70 пайызы 100 еуромен сатылады. Ең қымбат билет 980 еуроны құрайды. Бұл теңгеге шаққанда 500 мыңға жуықтайды.

Қазір баға саясатына байланысты түрлі пікір қалыптасты. Мысалы, Inside the Games медиасы хабарлағандай, Францияда

жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қатысқан респонденттің 82 пайызы билеттер «қымбат» деп баға беріпті. Екі дүркін Олимпиада чемпионы Нафиссату Тиам билеттің бағасы қымбат болуына байланысты отбасы ойында қолдай алмайтынына аландаушылық білдірді. Бірақ ұйымдастыру комитетінің президенті Тони Эстанге «билеттер бізге ойындарды қаржыландыруға көмектеседі» деп шорт кесті.

– Олимпиада бокстың финалдық бәсекесін тамашалау үшін барамын. Ақпан айында билет алуды жоспарлап отырмын, – деді спорт жанкүйері Жұлдыз Сәдуақасов.

**КӨШПЕНДІЛЕР
АТҚА ҚОНАДЫ**

Әрине, Олимпиада ойынындай танымал болмаса да, көшпенді салтты ұстанған мемлекеттер үшін басты спорт мерекесінің бірі – көшпенділер ойыны. 2014 жылы Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында бастау алған байрақты бәсекені 2022 жылы Түркияның Изник шаһары қабылдады. Ендігі кезек – Астанада.

Бұған дейін Қырғыз елі Ыстықкөлдің жағалауында, Түркия Изник көлінің жағасында кең далада өткізіп, табиғаты әсем жерлерін насихаттап, туристік әлеуетін дәріптеді. Бұл жолғы көшпенділер ойыны Олимпиада қозғалысы сынды бір қалада өтіп, жаңа форматқа көшіп, жаңа деңгейге көтеріледі.

P.S: Ойындардан бөлек, футболдан Еуропа чемпионаты әлем елдерінің назарын аударады. Қазақстан ұлттық құрамасы Финляндия мен Даниядан ұпай алып, жанкүйерлерін қуантты. Тек Словениямен өткен шешуші ойында сәттілік жетіспей, Берлинге баратын жолда, «таяқ тастам жерде» сүрінді. Әлі үміт бар. Егер іріктеу кезеңінде Грекиядан басым түссе, одан кейін Грузия мен Люксембург арасындағы жеңімпазбен кездеседі. Біздің команда ұтқан жағдайда, Еуро-2024-те «F» тобында Түркия, Португалия және Чехиямен доп тебеді. Қысқасы, быыл эмоцияға толы спорт аламаны көптеп өтеді. Біздің саңлақтар жеңістің жолын жаңылмай тапса болғаны!

ЕЛОРДА ӨНЕРІНІҢ ЕРЕН ӨКІЛІ

Қазақ музыка әлемінде ойып тұрып алар орны бар белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Астана қаласының құрметті азаматы, бірнеше симфонияның авторы, опера және камералық шығармалар, кинофильмдер, театр қойылымдарына романстар мен әндер жазған Төлеген Мұхамеджанов – елордамыздың қалыптасуына үлес қосқан алғашқылардың бірі.



Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Нағима Есқалиева, Батырхан Шөкенов, Меруерт Түсіпбаева, Айжан Нұрмағамбетова, Бауыржан Исаев, «Дос-Мұқасан» ансамблі, сол сияқты Ресейдің әншілері Ирина Понаровская, Ирина Отиева орындап, әндерін биік шыңға көтерді.

Төлеген Мұхамеджановтың 14 шығармасы жинақталған «Өмір өзені» атты альбомы Американың ең беделді деген «Sterling Sound» дыбыс жазу студиясында өңделіп, шықты. Ал «Махамбет» атты симфониялық поэмасы Мәскеудің әйгілі «Юргенсон» баспасынан басылып шықты. Осы шығармаға белгілі дирижер Арлан Бөрібаев Махамбет шығармасына өте жақсы баға берген екен: «Жарқ етіп сөніп қалатын бір күндік шығармалар бар, ал сіздің, Төлеген Мұхамеджанұлы, бұл шығармаңыз – ұзақ өмір сүретін симфониялық поэма, ол – Қазақстандағы музыканың биік шыңы» деген екен. Төлеген Мұхамеджановтың қазақ өнеріне сіңірген еңбегі, әрине, зор.

Төлеген Мұхамеджанұлы алғашқы өнімі 12 жасында жазған еді. Әннің сөзін де өзі шығарыпты. «Бала кезіңде ән шығаруға не есер етті?» деп қойған сұрағымызға:

«Мен қазіргі Абай облысының Бесқарағай ауданындағы Беген ауылында туып-өстім. Туған елдің ғажайып табиғаты, сол кездегі адамдардың ыстық ықыласы мен достарымның татулығы қандай еді! Бүгінде сол күндерді сағынамын. Бір күні мектептегі ең жақын досым жақсы көрген қызын үйіне шығарып салғанын өз көзіммен көрген мен әзілдеп, баянмен өлеңдетіп отырып, махаббат жайлы оған ән шығардым. Сол бала кездің өзінде мен ақындықпен де айналысып, өлең шығарып жүрген кезім еді. Бала кездегі арман-княль кейін мені үлкен өнер жолына әкелді ғой».

Иә, мектепті тәмамдаған соң Төлеген Мұхамеджанұлы Семейдегі педагогика институтын бітіріп, әскер қатарына алынады. Әскери міндетін аяқтап келісімен Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогика училищесіне мұғалім болып орналасады. Бірақ өнерге, музыкаға деген құштарлық оны 25 жасында Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияға алып келеді. 16-17 жастағы жастармен оқуға түсіп, тағы да студент атанады. Музыка әлеміндегі алғашқы ұстазы композитор Теміржан Базарбаев болыпты. Ол шәкіртіне «болашақта талантыңа сай танымал композитор боласың» деп оны үнемі қанаттандырып отырған екен.

Консерваторияны бітірісімен Төлеген Мұхамеджанов 1982-1987 жылдар аралығында өзі оқыған жоғары оқу орнында сабақ береді. 1987 жылдың аяғында Абай атындағы опера және балет театрының директоры болып тағайындалады. Міне, осы жылдары оның композиторлық жолы айқындалып, жақсы әндердің туындауына жол ашылады.

Тыңдарманның көзайымына айналған оның «Іңкәрім» әнін Роза Бағланова орындаса, қазақ халқының мұңын жоқтайтын Ұлықбек Есдәулетовтің сөзіне жазылған, Семей полигонына арналған, «Невада-Семей» қозғалысының гимні болып танылған «Заман-ай» әнін Роза Рымбаева орындайды. Бұл әнді де халық өте жылы қабылдайды. Сол жылдары Төлеген Мұхамеджанов «Невада-Семей» қозғалысының белді мүшесі болады. Қазақстан халқының ядролық қаруға қарсы күресі кезінде атақты ақын, осы қозғалыстың төрағасы Олжас Сүлейменовпен бірге жүрген кезінде туған «Заман-ай» әні, шынында да, халықтың зарын жеткізген еді. Төлеген Мұхамеджановтың қай әнін алсаңыз да жүрекке жылы, шынайы, лирика мен толғанысқа толы әндер десек артық айтпас едік. Оның кинофильмдерге арналған 20-дан астам әні мен лирикаға толы әндерін кезінде Роза Бағланова, Еркем Серкебаева, Бибігүл Төлегенова,

Ғалия БАЛТАБАЙ,
Қазақстанның
құрметті журналисі



ЖЕЛТОҚСАНШЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астана қалалық әкімдігінің тікелей қолдауымен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бағытында елордада ғана емес, еліміздің басқа өңірлерінде де қоғамдық маңызы зор рухани іс-шаралар жыл бойы өткізіліп келеді. Сондай тағылымы зор басқосудың бірі жақында Абай облысының Аягөз ауданындағы Бейімбет Майлин атындағы жалпы білім беретін орта мектепте тарих пәні апталығы аясында өтті. «Желтоқсан шежіресі – еліміздің мәртебесі» деген тақырыппен өткен жылышырайлы жүздесуге осы мектептің түлегі, Желтоқсан-86 ұлт-азаттық көтерілісінің қаһарманы әрі ардагері, республикалық «Нағыз Желтоқсан» қоғамдық ұйымының мүшесі, Астана қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейдің география және музыка пәнінің мұғалімі Бәтима Емілбайқызы Абылғазина елордадан арнайы барды.

әңгімесі оқушылардың өн бойында туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімді алаулата түсті. Кездесу барысында оқушылар ардагер желтоқсаншыға өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды әрі жан тебіренерлік жауаптар алды.

БІЛІМ ҰЯСЫНЫҢ ЖОҒЫ ЖАНҒА БАТТЫ

«Аягөздегі бір кездері өзім білім алған алтын ұям – мектебімдегі бұл жүздесу ерекше әсер сыйлады. Бір жанға батағын нәрсе, мектептің өзі өртеніп кетіп, балалар ауылдағы бұрынғы әкімшілік кеңсе үйінің ғимаратында оқып жүр екен. Мен кездесуден кейін мектеп басшылары мен мұғалімдеріне жаңа ғимарат салуға қолымнан келсе көмегімді аямайтынды жеткіздім. Әр бала жаңа, еңселі, таза мектепке оқуға қақылы. Сол себептен жаңадан құрылған облыстағы ең күрделі де өзекті мәселені шешуге бар күш-жігерімді саламын» дейді қазір де ұрпақ тәрбиесімен айналысып жүрген Бәтима Абылғазина.

Кездесуден кейін ол 8-11-сынып оқушыларына өзі Астанадан арнайы әкелген сыйлықтарын тарту етіп, балаларды қуанышқа бөледі. Сөз соңында салтанаты мен тағылымы зор кездесуді ұйымдастырып, оны жоғары деңгейде өткізгені үшін Абай облысының Аягөз ауданындағы Бейімбет Майлин атындағы жалпы білім беретін орта мектептің директоры, тарих пәнінің мұғалімі Рахим Қабылмаратұлы Ахметовке, оқу ісіннің меңгерушісі, тарих пәнінің мұғалімі Болат Олжабайұлы Ашкеновке, тарих пәнінің мұғалімі Сания Чотбайқызы Ахметоваға, бастауыш пәні мұғалімдері Қарлыға Ақжарыққызы Кадулли-на мен Гүлнұр Мұратқызы Қалиақпароваға шынайы көңілмен зор алғыс айтамыз! Сондай-ақ «Нағыз Желтоқсан» қоғамдық қоры мүшелерінің атынан Астана қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейдегі желтоқсаншылармен кездесуді өткізуге атсалысқан мектеп директоры Зәмзәгүл Ертайқызы Қияноваға, директордың оқу ісі бойынша орынбасарлары Дәмелі Садыққызы Макимоваға, Гүлнұр Сырлыбайқызы Сембетоваға, Гүлжазира Сейдуәлиқызы Нұржановаға, Әмірсия Ермекқызы Утебаеваға, Сурия Жамалқызы Әлиеваға, директордың оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Айжан Сейітқызы Нұрғазинаға, Шолпан Аманжолқызы Утебаеваға, тарих пәнінің мұғалімі Ербол Ермханұлы Әлиевке зор ризашылығымыз бен алғысымызды жеткізгіміз келеді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

АЛАҢҒА ҰРАНСӨЗ КӨТЕРІП ШЫҚҚАН СТУДЕНТ ҚЫЗ

Кездесудің басты кейіпкері 1986 жылы Желтоқсандағы көтерілістің қалай басталғаны, оқиғалардың қалай өрбігені жөнінде және өзінің алаңда бастан кешкен, көзімен көрген оқиғаларды шынайы қалпында әңгімелеп берді. Бәтима Абылғазина алаңдағы, өзі түскен ауруханадағы көтерілістен кейін өз басынан кешірген небір қиыншылықтарын былайша есіне түсірді:

«18 желтоқсан күні таңертең өзім оқитын Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық институтының қыздарымен бірге алаңға қайта бардым. Ол кезде арнайы жасақ алаңды толықтай қоршап алыпты. Жасақ бастан-аяқ қаруланған, сауыт-саймандары сақадай сай. Өз еліміздегі басты алаңды әскердің қоршауға алғаны біздің жігіттерді қатты ашындырды. Сөйтіп белсенді жастар қарулы әскердің шебін бұзудың амалын ойластырды. Солардың айтуымен тайлы-тұяғымызбен кері шегіндік. Бұл кезде сарбаздар бізді, шын мәнінде, кері шегінді деп ойлап қалған болуы керек. Қаннен-қаперсіз тұрған жерінде топ болып ұмтылып, қоршауды жарып өттік. Бірақ біздің қатарымыз қалып болмады. Сарбаздар санаулы ғана топпен алаңға өткен бізді қоршап алып, ұра бастады. Бір таңғалғаным, сарбаздар адамға құйретке соққы берудің тәсілін өте жақсы меңгеріп алған екен. Адамның жаңды жерінен ұрып құлатып жатты. Бір сарбаз штарлық көрсетпей, қамқор болса деймін. Кейде Астананы аралап жүретін күндерім болады, сонда аңғарғаным, бір кезде елордаға көшіп келгенімізде қалада бір ғана «Меруерт» мейрамханасы мен «Турист», «Есіл» деген қонақүй болса, бүгінде олардың саны жүзден асады. «Астана Опера» театры, Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ театры, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» залы, «Бәйтерек» пен «Хан Шатыр», «Керуен», «Сарыарқа», тағы басқа сауда орталықтарына қарап отырып көзің тояды. Жаңадан салынған сол жағалаудағы Астананың көркіне қарап таңданысың, тамсанасың!» дейді Астана қаласының құрметті азаматы.

Көрнекті композитор, елжанды қайраткер Төлеген Мұхамеджанов былтыр елордамыздың 25 жылдығымен қатар, өзінің де мерейлі 70 жасқа толуын атап өтті.

офицер жағамнан ұстады да, мені доп сияқты лақтырып кеп жіберді. Сол қарқынмен ұшып барып, алаңның шетіндегі өсіп тұрған талға соғылып құладым. Сол жерде естен танып, ұзақ жатып қалыппын. Мені лақтырған кезі шамамен түсік 14:00-дің шамасы болатын. Ал мен әлгі талдың түбінде есімді жиған кезде күн кешкіріп қалыпты. Алаңдағы жастар көрінбейді. Тып-тыныш. Ессесіне әскерилердің иелігіне өтіпті. Ит жетектеген сарбаздар әрі де бері жүгіріп жүр. Жан-жағымға көз тастағаным сол еді, бір-екі адамды ҰАҒ-ға салып жатқанын көрдім. Алғашында өліктер екен деп қорқып кеттім. Сол жерден тұруға қанша әрекет жасасам да, тұра алмадым. Тағы біраз жаттым. Бір кезде ит жетектеген офицердің қанындағы алаңды байқадым. Оның жетегіндегі ит менің тірі екенімді біліп тұр. Офицер де талдың түбінде біреудің жатқанын байқады, бірақ өліп қалған шығар деп ойлады. Өлік болса бір кесірі тиер деді ме, әйтеуір жаным жоламады. Қазір ойлап қарасам, Құдай сақтап қалған сияқты. Тірідей әлгілердің қолына түссем не боларын кім білсін?! Бір сәтте орнымнан сүйретіліп тұрып, жолға шықтым. Жол көктайпақ әрі денемді аяз құшып барады. Офицер бар күшімен лақтырған кезде қабырғам мен бел омыртқам зақымданғанын кейін білдім. Жолда жатып, алаңнан өтіп бара жатқан екі студент жігітті көзім шалып, көмекке шақырдым. Екеуіне сүйеніп, Абай даңғылына шығып, такси ұстап ауруханаға жеттім. Онда да денемдегі ірілі-ұсақты жарақаттарға, өкпемнің қабынғанына қарамастан 3 күннен кейін шығарып жіберді».

Қазақтың тәуелсіздігі үшін алаңға шыққан Бәтима Емілбайқызының қолында «Қазаққа қазақ басы керек!» деген ұрансөз болыпты. Сол үшін қаламуға алынып, тергеу іс-шаралары жүргізілген. 16-17 желтоқсандағы оқиғаларды есіне түсірген Б.Абылғазина алаңға ҚазМУ-дың студенттерімен бірге шыққанын айтты.

«16 желтоқсан күні маған Қазақ мемлекеттік университетінде оқитын құрбым келді. Олардың Орталық Комитетте өткен пленумнан хабары бар екен. Екеуіме аз-кем әңгімеден құрбым түстен кейін өз жатақханасына қонаққа шақырды. Кешкісін ҚазМУ-дің жатақханасында шай ішіп отырғанымызда, бөлмеге комсомолдың орталық комитетінен 3 ер адам келді де, студенттік кеңеске жинады. Кешкі сағат 18:00-де басталған жыйынға мен де қатыстым. Комсомолдың орталық комитетінен келген жігіттер бізге пленум туралы ақпаратты жеткізіп, Қонаевтың орнына Колбинді қою туралы шешімге қарсылық білдіруге шақырды. Жыйыннан соң олар бізге 10-15 метрлік қызыл мата өкеп берді. Сол матаға ақ гуашьпен таңға дейін ұран сөздер жаздық. Таңертең ҚазМУ студенттерімен бірге мен де алаңда болдым» деді Желтоқсан қаһарманы сол оқиғаларды рет-ретімен есіне алып.

Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың саны ондаған есеге азайтылып берілгені көптен айтылып жүр. Ресми мәліметтерде Алматыда ұсталған адамдардың саны 2,4 мың адам деп көрсетілді, ал шын мәнінде көтеріліске қатысқан 8,5 мың адам ұсталды. Яғни 6 мың адам есептен әдейі жасырылған. Деректердің бұрмалануына қатысты Б.Абылғазина мынадай мәліметтерді мысалға келтірді:

«Желтоқсанға қатысты деректерде 103 адам жауапқа тартылып, 99-ы сотталғаны айтылады. Бір ғана Алматы қаласында 2041 адам ұсталып, 309 студент оқудан шығарылған. Екі адамды сот өлім жазасына кескен, 4 адам қаза тапты деп көрсетілді. Бірақ көтеріліс кезінде жарақат алғандардың саны өте көп болды. Яғни жарақат алғандар мен жәбірленгендер, қаза тапқандар туралы деректер әлі де толық зерттеліп, ашық айтылмай келеді. Мәселен, мен де алаңда алған соққыдан арқа сүйегім мен екі қабырғам сынып, үш ай ауруханада емделдім» дейді ол.

Желтоқсан қаһарманының тағылымға толы әсерлі

МӘМБЕТОВ ТЕАТРЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Өткен жылы Астана қаласы әкімдігінің Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры 5 жылдығын атап өтті. Былтыр өнер ошағы зор табыстарға жетіп, халықаралық және республикалық әртүрлі іс-шараларға, фестивальдерге қатысып, жүлделі орындардан көрінді. Бірнеше премьералар өтті. Жалпы 5 жыл ішінде репертуардағы спектакльдер саны 23-ке жетті.

Өткен жылғы жетістіктерге тоқталсақ, «Боранды бекет» спектаклі ел театрларындағы 400 премьераның ішінде үздік 4 қойылым қатарына еніп, «Ұмай» ұлттық сыйлығының дипломанты атанды. Ал «Чарли Чаплин» қойылымы Беларусь елінде өткен халықаралық фестивалде «Үздік ансамбль» марапатына ие болды. Осы трагикомедия «Сәлем» халықаралық комедиялық театр фестивалінде бас жүлдені жеңіп алды. Театрдың бас режиссері Ұланмырза Қарыпбаев «Театр және цирк өнерінің үздік туындысы» аталымы бойынша Қырғыз Республикасының Шыңғыс Айтматов атындағы мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. Осы елдің астанасы – Бішкек қаласында өткен әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдығына арналған «Айтматов және театр» атты VI халықаралық фестивалде театрдың жоғары санаттағы актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нартай Сауданбекұлы «Боранды бекет»



қойылымындағы Едіге рөлі үшін «Ең үздік ер адам бейнесі» аталымында топ жарса, «Боранды бекет» қойылымы

фестивальдің арнайы жүлдесіне ие болды.

Қазақстан театр сыншылары бірлестігінің «Сыншылар жүлдесі-2023» салтанатында театр актері, жас драматург Қазыбек Аманжол «Жыл драматургі-2023» жүлдесін жеңіп алды. Мәдениет және ақпарат министрлігі өнер адамдарының шығармашылығын қолдауға бағытталған жобадан Ұланмырза Қарыпбаев «Театр өнері» аталымында «Үздік режиссура» сыйлығының дипломанты атанды. Ал өткен жылғы премьераның бірі «Болмаған балалық шақ» (авторы – Ақберен Елгезек, қоюшы режиссері – Әли Бидахмет) туындысы Көкшетау, Павлодар, Семей, Өскемен қалаларында көрсетілді. Ал 7 қаңтар күні сағат 18:00-де Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында осы жылдың алғашқы премьерасы – көрнекті жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің «Ауыл хикаялары-2» драмасы (қоюшы режиссерлері – Әли Бидахмет және Нұржігіт Мүсілімов) ұсынылады.



КАМЕРАЛЫҚ ХОР – ҮНДІСТАН ТӨРІНДЕ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық хоры Үндістандағы Лакшминараяна дүниежүзілік музыка фестиваліне қатысып жатыр. Өнер ұжымы осы елдің үш қаласында бірнеше концерт береді. Алғашқы концерт кеше Нью-Дели қаласында өтті.

Камералық хордың көркемдік жетекшісі – бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Құттыбадамованың айтуынша, шығармашылық ұжым Үндістанда қазақ авторларының шығармаларынан бағдарлама ұсынады. Атап

айтқанда, бағдарламаға Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» әні (хорға өңдеген Бейімбет Демеуов), Әліби Әбдіұровтың «Айналайын» шығармасы, «Қамажай» (хорға өңдеген Борис Ляшко) және «16 қыз» (өңдеген Ғалымжан Берекешев) сынды халық әндері енгізілді.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ЖҮРГЕНОВ МЕКТЕБІНДЕГІ САЛТАНАТ

Астанадағы №70 мектеп-лицейіне Қазақстанның білімі мен өнерінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист Темірбек Жүргеновтің есімі берілді. Осыған орай, білім ордасында «Ұлтым деп соққан жүрегі...» атты салтанатты іс-шара өтті.

Белгілі қоғам қайраткерлері, Астана қаласы Білім басқармасының қызметкерлері, қаланың мектеп директорлары қатысқан жиынды аталмыш мектептің басшысы Гүлжамал Пердебайқызы ашты. Ол тұғырлы тұлғаның еңбегіне тоқталып, мектеп тынысымен таныстырды. Осы оқиғаға орай Темірбек Жүргеновке арналған ескерткіш-барельеф дайындалғанын атап өтті.

Ескерткіш-барельефті қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жобалау кеңсесінің басшысы, қоғам қайраткері Сабыр Қасымов ашты. Белгілі жазушы, кинодраматург Айгүл Кемелбаева Темірбек Жүргенов қазақ өнері мен мәдениетінің қалыптасуына зор үлес қосқанын айта келе, парасатты ойымен бөлісті. Мектеп қорына көркем фильмге негізден жазған сценарийін енгізілген кітапты тарту етті.

Ұлттық академиялық кітапханада «Тұғыры биік тұлғалар» атты иллюстративті көрме ашылды. Жылдың басында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын көрмеге биыл еліміз бойынша және ЮНЕСКО көлемінде мерейтойы аталып өтетін тарихи тұлғалар мен ақын-жазушылардың, қазақтан шыққан белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің архив шежірелері, құжаттары, фотолары, еңбектері, кітаптары мен құнды туындылары қойылды.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒАЛАР

Көрменің мақсаты – өскелең ұрпаққа қазақтан шыққан белгілі тұлғаларды, олардың тағалым жолын, туындыларын таныту, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапхананың имиджін көтеру.

«Тұғыры биік тұлғалар» атты иллюстративті кітап көрмесіне биыл 155 жылдығы аталып өтетін халық әртісі, музыка зерттеушісі, композитор А.Затаевичтің, туғанына 145 жыл толатын ағартушы-ғалым, Алашорда қозғалысын құрушылардың бірі М.Тынышбаевтың, «Боздаланың бозторғайы» атанған К.Әзірбаевтың 140 жылдығы, сонымен қатар

қазақтың үш бәйтерегі – С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің 130 жылдық мерейтойына орай олардың еңбектері, кітаптары, тарихи деректері топтастырылған.

Кітапханаға келушілер қазақтан шыққан тұңғыш академик Қ.Сәтбаевтың (125 жыл), қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушының бірі Ә.Қастеевтің (120 жыл), қазақ өнерінің жарық жұлдызы, талантты актер әрі режиссер Ш.Аймановтың (110 жыл), Ұлы Отан соғысының батырлары – Р.Қошқарбаев пен Ә.Молдағұлованың (100 жыл) мерейтойына арнайы дайындалған көрмені тамашалай алады.

Биыл ЮНЕСКО көлемінде ғасырлық тойын өткізгелі отырған Б.Соқпақбаевқа арналған көрмеде классик жазушының шығармашылық мұрасы кең көлемде ұсынылған. Әдебиет абызы Ә.Нұрпейісовтің 100 жылдығына, қазақ әдебиетінің қос майталманы – Ә.Кекіл-өнерінің негізін қалаушы Ф.Өңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орайластырылған және басқа да белгілі тұлғалардың шығармашылық жолдары жасақталған көрмеге барлығы 500-ге жуық құжат қойылған. Көрме кітапхана оқырмандарына тұрақты түрде жыл бойы ұсынылады.



СЕРТИФИКАТ ТАПСЫРЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мемлекеттік мекемесінде қазақ тілі курсының екінші кезеңін тәмамдаған тыңдаушыларға сертификат тапсыру рәсімі өтті.

Іс-шара барысында «Руханият» мекемесінің басшысы Әділ Орынбасарұлы қазақ тілінің ұлт өміріндегі, қоғамдағы маңызды орнын саралай келіп, арнайы жиналған тыңдаушыларға сертификаттар мен алғыс хаттар, құнды кітаптар табыс етті.

Еркін форматта өткен ерекше маңызы бар іс-шарада қазақ тілі курсы бойынша дәріс алған тыңдаушылар өзінің білім алу барысындағы нәтижелері мен бүгінгі өмірдегі қолданғы аясына енгізген жетістіктерін тілге тиек ете отырып, сабақ берген ұстаздарына ақ тілегін жаудырып, осы бір айрықша мамандық иелері – ұстаздар қауымының ұшан-теңіз еңбегі-

не риза екенін зор қуанышпен жеткізді. «Руханият» мекемесінің басшысына, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», ұйымшылдықпен бірлескен жұмыс атқарып отырған ұжымға мол табыс тіледі.

Өткен жылы қазақ тілі курсының бірінші кезеңінде – 820, екінші кезеңде – 680, жалпы саны 1500 тыңдаушы аяқтады. Осы бағытта топтар деңгейлері бойынша А1-бастауыш, А2-базалық, В1-орташа, В2-ортадан жоғары болып бөлінді.

Айжан СЕРІКҚЫЗЫ,
«Руханият» мемлекеттік мекемесінің баспасөз хатшысы